

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 29 наурыздағы N 2154

Республикада төлем тәртібін қалпына келтіру, акцияларының бақылау пакеті мемлекет қарамағындағы төлем қабілеті жоқ мемлекеттік және акционерлік кәсіпорындардың қаржылық жағдайын нығайту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкін төрт жылдан аспайтын мерзімге құрсын;
- жыл сайын бюджеттердің жобаларында Қазақстан Республикасының

мемлекеттік Медетші банкінің жарғылық қорын қалыптастыру мен толықтыруға қаражат көзделсін;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің аппаратын орналастыру үшін Алматы қаласынан үй-жай бөлсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды жүзеге асыратын болсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті